



«Бекітемін»

ШЖҚ «Төлеби аудандық аурухана» МКК-н

Басшысы

Умарова К.Р.

«05» 07. 2024ж

Түркістан облысының денсаулық сақтау басқармасының шаруашылық жүргізу құқығындағы «Төлеби аудандық ауруханасы» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнының 2024 жылғы сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу туралы талдамалық анықтама

Көксайек ауылы

Кіріспе бөлімі:

1. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау (бұдан әрі – Ішкі талдау) жүргізу негіздеме:

Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» 2015 жылғы 18 қарашадағы №410-V Заңы;

Қазақстан Республикасы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі (Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет) төрағасының «Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» 16.01.2023 жылғы №21 бұйрығы;

Түркістан облысының денсаулық сақтау басқармасының шаруашылық жүргізу құқығындағы «Төлеби аудандық ауруханасы» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны (бұдан әрі - кәсіпорын) басшысының «Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу туралы» ШЖҚ МКК «Төлеби аудандық ауруханасы» басшысы К.Р. Умарованың 2024 жылғы 4 сәуірдегі № 122 н/к бұйрығы.

2. Ішкі талдаудың объектілері және басшылары:

Беркинбаева Гүльнур Кенжебаевна Түркістан облысының денсаулық сақтау басқармасы шаруашылық жүргізу құқығындағы «Төлеби аудандық ауруханасы» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны басшысының орынбасары – Беркинбаева Гүльнур Кенжебаевна - топтың төрағасы, Байдаулетова Сандуғаш Жирентаевна, Рысбекова Сымбат Мұратқызы , Аманжолова Күлпимхан Кахарқызы, Ербекешова Насиба Хусановна.

4. Ішкі талдау жүргізу мерзімі:

2024 жылдың 17 мамыр – 28 маусым аралығы.

5. Ішкі талдау қамтыған кезең:

2023 және 2024 жылдың 6 айы.

6. Ішкі талдау жүргізу барысында шектеу немесе келергі жасау:

Ішкі талдау жүргізу кезінде келергі жасау немесе шектеу болмады.

Ішкі талдау келесідей бағыттар бойынша жүргізілді.

1) Бөлімнің қызметін реттейтін заңнамалардағы сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау.

2) Персоналды басқару, мүдделер қақтығысын реттеу, мемлекеттік қызмет көрсету мәселелер бойынша талдау объектісі қызметіндегі сыбайлас қауіптерін анықтау.

«Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің жұмыс тобы бөлімнің өз қызметінде басшылыққа алатын Заңдар, Кодекстер, нормативтік-құқықтық актілер, басқа да құқықтық актілерді қарастырады.

Қазіргі таңда «Төлеби аудандық ауруханасы» ШЖҚ МКК-да барлығы штат бойынша 957 қызметкер жұмыс жасайды.

2023 жылы бойынша еңбек шарты бұзылғандар саны - 71 болса, оның ішінде - 23 дәрігер, орта медициналық қызметкерлер саны – 19, кіші қызметкерлер саны – 17 және басқалар саны -12. Еңбек шарты түзілгендер саны – 65 болса, оның ішінде – 21 дәрігер, орта медициналық қызметкерлер саны – 17, кіші қызметкерлер саны – 12 және басқалар саны-15.

2024 жылдың 6 айында еңбек шарты бұзылғандар саны – 29, оның ішінде дәрігер – 3, орта медициналық қызметкерлер – 13, кіші қызметкерлер – 5 және басқалар саны-8.

2024 жылдың 6 айында еңбек шарты түзілгендер саны – 37 болса, оның ішінде – 8 дәрігер, орта медициналық қызметкерлер саны – 12, кіші қызметкерлер саны – 8 және басқалар саны-9.

Азаматтарды жұмысқа қабылдау Төлеби аудандық ауруханасы басшысының 03.01.2024 жылғы № 2 н/к бұйрығы негізінде құрылған комиссия мүшелерімен жүзеге асырылады. Комиссия мүшелері саны бес адамнан тұрады. Жұмысқа орналасуға үміткер өз біліктілігін комиссия мүшелерінің сұрақтарына жауап беру арқылы көрсетеді. Комиссия мүшелері тиісті баға бере отырып тиісті хаттамаға қол қойып бекітеді.

Қызметкерлер құрамын басқару және еңбек қатынастары:

Кәсіпорында шығарылған бұйрық, хаттама, анықтама, акт, хат рәсімдеулері Қазақстан Республикасы Үкіметінің «Мемлекеттік және мемлекеттік емес ұйымдарда құжаттама жасау, құжаттаманы басқару және электрондық құжат айналымы жүйелерін пайдалану қағидаларын бекіту туралы» 2018 жылғы 31 қазандағы №703 қаулының талаптары сақталған.

Кәсіпорын басшысымен 2023 жылы – негізгі құраммен 370, жеке құраммен 1418 бұйрық, 2024 жылдың 6 айы - негізгі құраммен 175, жеке құраммен 771 бұйрық шығарылған.

Қазіргі таңда үміткерлерді жұмыс «SmartNation» портал жұмыс атқаруда алайда ,тек орта буын қызметкерлері осы портал арқылы жұмысқа қабылдануда, жұмыспен қамту орталығы арқылы үміткерлерді бос орны бойынша орындарға орналасушылардың жұмысқа сәйкестігін, білім деңгейін және біліктілігін анықтау үшін сұхбаттасу жұмыстары жіргізіліп келеді.

Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 4 желтоқсандағы «Мемлекеттік сатып алу туралы» № 434-V Заңының 38-бабын негізге алып оқу семинарларды «Баға ұсыныстарын сұрату» тәсілімен жүргізілген.

2023 жылы - Конференциялар/семинарлар/форумдар/конкурстар / корпоративтік / спорттық / мәдени / мерекелік және ұқсас іс-шараларды ұйымдастыру/өткізу жөніндегі қызметтер – 22 оқу семинар өткізілді.

2024 жылы 6 ай бойынша -

Конференциялар/семинарлар/форумдар/конкурстар / корпоративтік / спорттық / мәдени / мерекелік және ұқсас іс-шараларды ұйымдастыру/өткізу жөніндегі қызметтер – 12 оқу семинар өткізілді.

«Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасы аясында Төлеби аудандық ауруханасы бойынша толықтай компьютерлік техникамен қамтылған.

Төлеби аудандық ауруханасы қарасты медициналық амбулаториялармен, бекеттерде интернетке кіру мүмкіндіктері **100%** құрайды.

Кәсіпорын бойынша 2 медициналық ақпараттық жүйесі (*ДАМУМЕД, КӨМЕК, ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУДЫҢ БІРЫҢҒАЙ АҚПАРАТТЫҚ ЖҮЙЕСІ*) жұмыс жасауда.

Дәрігерлер және орта буынды дәрігерлер медициналық ақпараттық жүйесімен жұмыс істеуге **100%** оқытылған.

Сонымен бірге, МАЖ қолдана отырып, аудан тұрғындары түгелімен электронды паспорты 100 % қамтылған. Дәрігердің қабылдауына алдын ала жазылу, дәрігерді үйге шақыру және медициналық анықтамаларды алу қызметтері электронды түрде атқарылады. Медициналық ұйымдар ішінара қағазсыз құжат айналымына көшірілуде.

Кәсіпорында «Даму» ақпараттық технологиялар орталығы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі базасында қашықтықтан қызмет көрсету PACS жүйесі қосылған, цифрлық медициналық ақпаратты, бейнелерді өңдеу, сақтау және беру мақсатында PACS жүйесімен жұмыстар жүргізілуде.

Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл Агенттігі Төрағасының бірінші орынбасары сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет генерал-майоры Д.Малаховтың 17.08.2023 жылғы № 3-3-2/7159-И хатына, басшының емдеу-ісі жөніндегі орынбасары С.Ж.Байдаулетова және басшының сапа ісі жөніндегі орынбасары м.а. Г.К. Беркинбаева лауазымдық нұсқаулықтарында әкімшілік-шаруашылық және ұйымдастырушылық – өкімдік функциялары енгізілген.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдері:

Түркістан облысы денсаулық сақтау басқармасының «Төлеби аудандық ауруханасы» шаруашылық жүргізу құқығындағы МКК

1. Мекеме бұйрықтарында Қазақстан Республикасының Еңбек Кодексінің заңнама талаптары сақталмаған

2. Мекеме бұйрықтарында негіздемелер дұрыс көрсетілмеген
3. Мекеме қызметкерлері бұйрықтармен тек ішінара таныстырылған
4. Мекемеде зейнетке шыққан қызметкерлердің бұйрықтары заңнама талаптарына сай бұзылмаған. Бұл өз кезегінде, тиісті төленетін төлемақының төленбеу тәуекелін тудыруы мүмкін.

Қабылданған шаралар:

«Төлеби аудандық ауруханасы» ШЖҚ МКК сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау қорытындысы бойынша ұсынады:

1. Мамандар бөлімінің қызметкерімен түсіндірме жұмыстары жүргізілді.

Жұмыс тобының мүшелері:

Г.Беркинбаева _____

С.Байдаулетова _____

С.Рысбекова _____

К.Аманжолова _____

Н.Ербекешова _____